

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«23» сәуір 2025 ж.

№ 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

Г.А. Ахмедьяров



**«К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

**ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.
ТАЛАПКЕР «К.БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» МАГИСТРАТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!
ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ:**

- ✓ **МАГИСТРАТУРА**
- ✓ **М025 – «Дәстүрлі музыкалық өнер»**
- ✓ **7М02113- «Дәстүрлі ән»**

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

Мамандық

Бағдарлама: Өзінің дауыс мүмкіндігін, орындаушылық шеберлігін, дәстүрлі орындаушылық нақышын, жалпы музыкалық қабілетін толық көрсете алатын диапазоны кең орындалуы күрделі:

- 1) Халық әні
- 2) Халық композиторларының әні
- 3) Қазақстан композиторларының әні
- 4) Өз қалауы бойынша бір ән

1. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҰХБАТ.

Жалпы талаптар:

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (*ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD (бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі)*) бар ғалым қол қойған **1 РЕЦЕНЗИЯ** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
 - титулдық бет;
 - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жаңашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
 - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
 - қорытынды;
 - қолданылған әдебиеттер тізімі;
 - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
4. Рефераттың рәсімделуі:
 - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
 - Интервал – бір;
 - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;
 - Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

- Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II шығармашылық емтихан</i>	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>
32-35	Талапкердің ән орындауын концерттік өнер көрсету деп атауға болады, Талапкер өзін, жалпы музыкалық қабілетін толық көрсете алғанда, яғни дауыс диапазоны кең, тембрі құлаққа жағымды, аспапта әнді сүйемелдеуі, әнді сезініп айтуы, қобалжымай өзін еркін ұстауы, айтқан әндерінің диапазоны кең орындалуы күрделі болған жағдайда бағаланады	32-35	Зерттеудің өзекті мәселесін сәтті негіздеді, эрудицияның жоғары деңгейін, терең аналитикалық ойлауды көрсетті, ғылыми аппаратқа ие, нақты мақсат қояды және мәселелерді шешу жолдарын көреді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы негізделген. Зерттелетін мәселенің тарихы, теориясы мен әдіснамасы саласындағы білімнің сапалы деңгейін көрсетеді. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
28-31	Дауысты еркін меңгеру; бағдарламаны қатесіз, жоғары орындаушылық деңгейде орындалуы; Талапкердің дауысының күш қуаты, бояуы (тембрі), дыбыс тазалығы, актерлік шеберлігі, сахна мәдениеті, тіл тазалығы (дикциясы) жақсы болса, бірақ әнді аспаппен сүйемелді дәстүрлі нақышқа сай келмесе көрсетілген баллмен бағаланады.	28-31	Талапкер мақсат пен міндеттерді жақсы тұжырымдады, мәселенің өзектілігін негіздеді, зерттеудің негізгі ережелерін қисынды түрде баяндады, қарастырылып отырған мәселенің теориясы мен әдіснамасы мәселелері бойынша білімнің жақсы деңгейін көрсетеді. Берілген материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 20 бет).
24-27	Талапкердің дауысының күш қуаты	24-27	Талапкер мақсат пен міндеттердің

	орташа ал бірақ орындаушылық шеберлікті, дыбыс шығару әдістерін өте жақсы меңгерген, әнді нақышына келдіріп орындаса аспапта әнді сүйемелдеуі, әнді сезініп айтуы, қобалжымай өзін еркін ұстауы жақсы болса.		жақсы тұжырымдалуын, зерттеудің негізгі ережелерін жақсы көрсетуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім деңгейі орташа. Ұсынылған материал талаптарға сай келеді (мәтін кемінде 15 бет).
20-23	Талапкердің табиғи дауыс мүмкіндігі төмен болса, ән орындау барысында қобалжып әннің әуені мен сөзінен жаңылса, осы көрсетілген бағамен бағаланады.	20-23	Талапкер зерттеудің негізгі ережелерін көрсете отырып, мақсат пен қойылған міндеттерді түсінуді көрсетеді, алайда зерттелетін мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері бойынша білімі жеткіліксіз екені көрінеді.
16-19	Талапкердің дауысы, орындаушылық шеберлігі, ұлттық нақышы, жалпы музыкалық қабілеті төмен болса, бұдан жоғар балл талаптарына сай болмаса көрсетілген баллмен бағаланады.	16-19	Талапкер зерттеу проблемасының мәнін нашар түсінеді, жазбаша ғылыми баяндау дағдыларының жеткіліксіздігін және жұмыстың өзектілігінің шектеулі дәлелдерін көрсетеді. Ғылыми аппаратты нашар меңгерген, жұмыс көлемі аз (15 бет).
12-15	Талапкердің дауыс диапазоны, күш қуаты, бояуы (тембрі), дыбыс тазалығы, актерлік шеберлігі, сахана мәдениеті, тіл тазалығы (дикциясы) нашар болса көрсетілген баллмен бағаланады.	12-15	Мақсат пен міндеттер тұжырымдалған, бірақ зерттеудің практикалық және теориялық маңыздылығы туралы түсінік жоқ, жұмыстың өзектілігі туралы нақты негіздеме жоқ, аз жұмыс көлемін ұсынды (15 немесе одан аз бет).
7-11	Талапкердің дауысы, орындаушылық шеберлігі, ұлттық нақышы, жалпы музыкалық қабілеті төмен болса, бұдан	7-11	Зерттеудің өзектілігінің, теориялық және практикалық маңыздылығының жоқтығын көрсетеді, ғылыми

	жоғар балл талаптарына сай болмаса көрсетілген баллмен бағаланады.		аппаратты меңгермеген және мамандандыру профилінің тақырыбына сәйкес келмейді.
0-6	Әншілік қабылеті нашар болса, емтихан талаптарына сай келмесе осы баллмен бағаланады.Емтиханнан өтпейді	0-6	Өтпейді. Жұмыс ғылыми зерттеу рефератына ресімдеу бойынша талаптарға сәйкес келмейді.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: erbolsaryn@mail.ru

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Абенов Батырлан Алкенулы



Кафедра меңгерушісі: Сарин Ербол Айымгазинович

